

ВУЗов. – М: Издательский дом Шумиловой И.И., 2006// <http://www.bnti.ru/showart.asp?aid=974&lvl=05>

4. Закон РК от 15 сентября 1994 года «Об оперативно-розыскной деятельности»// http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z940004000_

5. Савицкий В.М. Язык процессуального закона. // Вопросы терминологии. - М., 1987. - 288 с.

6. Галиев С.Ж., Сапарин О.Е. Комментарий к Закону Республики Казахстан «Об оперативно-розыскной деятельности»: Учебное пособие. - Алматы: Жеті жарғы, 1998. - 96 с.

7. Мулдахметов А.К., Уразалиев А.Ч., Токалов Т.Б. Оперативно-розыскная деятельность: термины и определения: Учебное пособие - Алматы: ОНИиРИП Алматинского юридического института МВД РК, 1998. - 112 с.

8. Каймульдинов Е.Е. Принципы оперативно-розыскной деятельности (по материалам Республики Казахстан): дисс. на соиск. уч.ст. кандидата юридических наук. - Костанай, 2005. - 213 с.

9. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан № 231-V ЗРК от 4 июля 2014 года// http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575852

10. Шаймуханов А.Д. Совершенствование и развитие оперативно-розыскного законодательства Республики Казахстан. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора юридических наук. Караганда, 2008. 41 с.

11. Базарбаев А.С. Совершенствование и развитие правовых основ оперативно-розыскной деятельности в Кыргызстане (монография). - Б.: 2011. - 155 с.

12. Синилов Г.К. Правовые, информационные и тактические основы ОРД советской милиции. - М: ВНИИ МВД СССР, 1975. - 139 с.

13. Аتماжитов В.М., Бобров В.Г.. К вопросу о законодательном регулировании оперативно-розыскной деятельности// Государство и право № 11, 2004, ноябрь.

14. Зажицкий В.И. Проблемы принципов оперативно-розыскной деятельности// Государство и право - № 7. - 2001, июль.

15. Сурков К.В. Принципы оперативно-розыскной деятельности и их правовое обеспечение в законодательстве, регламентирующем сыск: Монография. - СПб.: СпбЮИ МВД России, 1996. - 216 с.

16. Обоснования неприятия замечаний научных экспертиз и экспертных заключений аккредитованных объединений субъектов частного предпринимательства. Досье ITS на проект Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан (новая редакция)// <http://online.zakon.kz>

17. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V ЗРК // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226>

18. Современные подходы к правовому регулированию оперативно-розыскной деятельности: инициативные авторские проекты Федерального закона «Об оперативно-розыскной деятельности»/ сост. В.Ф. Луговик. – Омск: Омский юридический институт, 2006. - 91 с.

ІС ЖҮРГІЗУШІЛІК ҮНЕМДЕУ ҚАҒИДАСЫ

Тусупов Н.М., з.ғ.м., қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы

Жуманбаева З.Б., з.ғ.м., қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының оқытушысы
Иманғалиева Д., заң факультетінің 4 курс студенті, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ

Қылмыстық сот өндірісінің даму үрдісінің басты бағыттары заңнамада бекітілген қағидалар жүйесінен тәуелді. Сол қағидаларды, жалпы қылмыстық іс жүргізу заңнамасын қылмыстық істер бойынша құқыққорғау органдарының тәжірибелік жұмысына бейімдеу мәселесі, сондай ақ, аталған заңнаманы қылмыстық іс жүргізу тәжірибесіне тиімді етіп пайдалануға ұсыну қылмыстық іс жүргізу құқығы ілімінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Қағидалар жүйесінің сапалы түсінуінен қылмыстық сот өндірісінің қаншалықты тиімді өтетіні тікелей байланысты. Осы себепті, қылмыстық сот өндірісі қағидалар жүйесін сапалы, жан жақты, кешенді зерттеу нәтижесінде ғана қылмыстық сот өндірісіні жетілдіруге қол жеткізе аламыз.

Заманауи құқықтық ілім, аталған міндеттің маңыздылығын түсіне отырғандықтан, қағидалар жүйесі бүгінгі таңда әдістемелік және идеологиялық талдау сатысында болып отыр. Отандық қылмыстық іс жүргізу құқығы саласында тұрақты орнын алған қағидалар ғана емес, ол жүйеде өз

орнын табуға лайықты деген қағидаларды зерттеу, талдау, олардың әдістемелік және құқықтық негізін анықтап бекіту де біздің мақсаттардың бірі болып танылады.

Қылмыстық сот өндірісінің объективті шындықты анықтауға бағытталғандығы осы үрдіс барысында технологиялық қағидалардың болуына жол береді. Технологиялық қағидалар деп қылмыстық сот өндірісінің ақпараттық танымдық мәнін ашатын қағидалар жүйесін анықтаймыз. Технологиялық қағидалардың болуы қылмыстық сот өндірісі мақсаттарына жету жолында ғылыми іздеу әдісін қолдана отырып қылмыстық сот өндірісін жетілдіру мақсатында жаңа қағидалардың орнығуына жол ашады.

Қылмыстық сот өндірісінің тиімділігін арттыратын, сондай ақ, ол үрдістің мақсаттары мен міндеттеріне жету жолын жеделдетіп тиімділікке бастайтын заңда бекітілімеген қағидалардың бірі ол іс жүргізушілік экономия – үнемдеу қағидасы.

Қылмыстық сот өндірісін даму бағытын анықтау, оның әдістемелік негіздерін анықтау дәрежесі бойынша, іс жүргізушілік экономия қағидасы қылмыстық сот өндірісінде өзінің ұясын әлдеқайда тауып, қылмыстық сот өндірісін тиімді реттеуде. Осы себептен болар, 30-жылдан астам уақыт бұрын, қылмыстық іс жүргізу құқығының көрнекті ғалымы В.Т.Томин іс жүргізушілік экономия қағидасын мойындап, оның қылмыстық іс жүргізу қағидалар жүйесіне енуіне толық негіз бар деп есептеген. В.П. Божьев, П.Ф. Пашкевич, М.П. Поляков, С.П. Сереброва сияқты ғалымдар да іс жүргізушілік экономия қағидасын қылмыстық сот өндірісінің қолданыстағы қағидасы деп есептеген.

Алайда, Қазақстан Республикасының қылмыстық сот ісін реттеуші заңнамада іс жүргізушілік экономия қағидасы бекітілмей, тиісті ғылыми және тәжірибелік маңызын иелене алмай отыр.

В.Т.Томиннің «қылмыстық іс жүргізушілік қағида» түсінігіне сүйенсек, «қылмыстық сот өндірісі сатыларында және оларды реттейтін құқық нормаларында көрініс алған қылмыстық сот өндірісінде іс жүзінде қолданыста бар және міндетті түрде қолданылатын мейлінше жалпыланған дүниетанымдық идея» дейді. Осы пікірді негізге алатын болсақ, онда іс жүргізушілік қағида мәнінің маңызды әдістемелік сипаты көрініс алған. Оған сай, құқық саласы ретіндегі қылмыстық іс жүргізу құқығы және сол құқыққа сай жүзеге асырылатын қылмыстық іс жүргізушілік қызмет қағидаларының барын мойындаймыз. Алайда, зерттеу жұмысының мәтінін жеңілдігіне ұмтыла, біз қылмыстық іс жүргізушілік қағида деген түсінікті қолданамыз да, оның астарында жоғарыда айтылып кеткен мәнінің болуын ескереміз.

Қағида түсінігінің нормативтік астарына назар аударсақ, құқық саласының қағидасы және іс жүргізушілік қызметі қағидалары заңнамада тиісті жолмен бекітілген, сәйкесінше қылмыстық сот өндірісін реттейтін бағыттаушы бастамаларды түсінеміз.

Қағидалардың бекітілуі нысандары әр түрлі болуы мүмкін: ол туралы қағида ретінде заңнама мәтінінде тікелей айтылуы мүмкін, не болмаса тікелей бекітілмесе де, іс жүргізушілік қызметті реттеуші құқықтық нормаларды саралау кезінде олардың мазмұнынан, белгілі бір қағидалардың болуы туралы тұжырым жасай аламыз. В.Т.Томиннің пікірінше, қағиданың болуын заңнамада ол туралы тікелей айтылуымен ғана байланыстырған дұрыс емес. Бір жағынан, егер заңнамада белгілі бір қағида бекітілген күннің өзінде, егер ол, мысалы қылмыстық іс жүргізушілік нысанға ықпал етпесе, қылмыстық іс жүргізушілік институттарды реттеуде пайдаланылмаса, ондай қағидалар ресми түрде бекітілсе де, іс жүзінде қылмыстық іс жүргізушілік қатынастарды реттемеуі де мүмкін. Яғни кейбір жағдайларды, егер заңда бекітілген қағидалар олардың жүзеге асыру механизмі болмаса, онда олар әрекет ете алмайтын, жай ғана дыбыс сияқты болып қалады.

Басқа жағынан қарайтын болсақ, қылмыстық сот өндірісінің белгілі бір бастамасы заңнамада қағида ретінде бекітілмегенімен, ондай бастамалық идеялар қылмыстық сот өндірісінің барлық сатыларына ықпал етіп, қылмыстық іс жүргізу тәжірибесіне едәуір ықпал етіп, іс жүзінде қағида қызметін атқаруы ықтимал [1, 193].

Кейбір зерттеушілер қағидалардың толығымен нормативтік сипатта болуын негіздейді.

Қылмыстық іс жүргізушілік үнемдеу қағидасына келетін болсақ, қылмыстық сот өндірісі барысында кез келген сатыда уақыт, күш үнемдеу айтпасақ та өзекті мәселе болып табылады.

Іс жүргізушілік үнемдеу қағидасын іс жүргізушілік құқық және қызметтің қажеттілігі деп айтатын болсақ бұл мәселе аталған қағиданың объективті қажеттілігінен туындайды.

А.А. Ференс-Сороцкий іс жүргізушілік үнемдеу қағидасын қылмыстық сот өндірісі саласындағы орын алатын асыра пайдаланылатын формализмге тосқауыл болыптан бірден бір құрал деп түсінеді. Оның пікірінше іс жүргізушілік үнемдеу қағидасының мәні ендігіде:

1. Іс жүргізушілік формализмді қисынды түрде қысқарту
2. Іс жүргізушілік ережелердің қисынды және тиімді болуы

3. Ең қажетті деген ережелерді ғана нақтылап заңмен бекіту, қалған ережелерді тәжірибемен құрастырылатын тиімді әрекет ету еншісіне беру

4. Заңмен бекітілген ережелерге сай болмаған кез келген әрекет не болмаса іс жүргізушілік шешімнің күшін жою [2,31].

Азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымының өкілдері көбінесе іс жүргізушілік үнемдеу қағидасын қолдап, оны азаматтық сот өндірісінің қағидасы деп танығанымен, қылмыстық іс жүргізу құқығы өкілдері көбіне бұл ұсыныспен келісе бермейді [3, 64].

С.Д.Оспанов іс жүргізушілік үнемдеуді қағида деп тануды құптамайды. Оның пікірінше, іс жүргізушілік үнемдеудің маңызын біле тұра, ҚПК қағидаларға арналған тарауында бекітілмейінше ешбір ереже қағида мәртебесіне ие бола алмайды.

Алайда аталған автордың зерттелеулерімен танысып, оның жалпы айтқанда іс жүргізушілік үнемдеу қағидасымен концептуалды түрде жалпы келісетіндей.

С.Д. Оспанов өз жұмыстарында аталмыш ережені қағида ретінде ҚПК бекітуді негіздейді. Осы қағиданы қылмыстық сот өндірісіне енгізу оң нәтиже бермек. Атап айтсақ ол: объективті шындыққа тез жету, қылмыстардың тез және толық ашылуы, бюрократияны жоққа шығаратын тиімді іс жүргізушілік формалардың дифференциациясы, жеткілікті дәлелдемелік жиынтықтың шектерін анықтау нәтижесінде қылмыстық сот өндірісінің тиімділігін және жеделдігін арттыру деп есептейді [4,18].

Н.А. Колоколов өз жұмыстарында іс жүргізушілік үнемдеу қағидасы жайлы сөз қозғап, ол жайлы былай деп жазады: «сотты адамның кінәлі не кінәлі еместігі жайлы бір түйінге келтіру үшін жеткілікті дәлелдемелер болуы тиіс, сонымен қатар, егер ондай жиынтық болса, қосымша дәлелдемелер іздеп уақыт жоғалтпаған жөн дейді» яғни Н.А.Колоколов іс жүргізушілік үнемдеу қағидасының мәнін түсінгенде іс бойынша объективті ақиқатқа жету мүмкіндігімен жанастырады [5, 265].

Іс жүргізушілік үнемдеу қағидасын ерекше түсінетін авторлар да баршылық, мысалы, А.В.Харламовтың пікірінше, іс жүргізушілік үнемдеу қағидасын ол «іс бойынша өндіріске жұмсалатын күш қуатты үнемдеуге мүмкіндік жасайтын, тараптардың өз құқықтарын мейлінше толық қолдану арқылы іс жүргізушілік формализмнен құтылуға итермелейтін іс жүргізушілік үнемдеу идея» деп түсіну керек [6].

Т.Н. Абозина іс жүргізушілік үнемдеу қағидасын тергеушінің ғылыми тұрғыдан уақыты мен күш қуатын үнемдеу нәтижесінде іс бойынша алдын ала тергеу барысында қанағаттанарлықтай үлгерімі арттыратындығы жайлы айтып, осы қағиданы тергеушінің қызметін жеңілдететін тәсіл деп қарастырады [7,146].

А.В. Смирнов іс жүргізушілік үнемдеу қағидасын қылмыстық сот өндірісінің қағидасы ретінде емес, сайысушылық сот өндірісіне тән қасиет деп біліп, оны іздестіру қылмыстық сот өндірісіне қарама қарсы қойып, қылмыстық іс жүргізушілік үнемдеу қағидасының тиімді жақтарына зер салады [8,127].

Құқықтық әдебиеттерде қылмыстық іс жүргізушілік үнемдеу қағидасына тән қасиеттерді қарастыратын сан зерттеулермен кездесеміз. Мысалы әкімшілік өндірісте іс жүргізушілік үнемдеу қағидасы үнемшілдік және тиімділік атауымен кездесіп жатады.

Қылмыстық іс жүргізушілік заңнамамен реттелетін қоғамдық қатынастардың күрделене дамуына байланысты қылмыстық іс жүргізушілік нормалардың реттеу пәніне бейімделуі керек [9, 382].

Елімізде болып жатқан құқықтық реформалар мен заңнаманы жетілдіруді мақсат еткен қарқынды өзгерістердің нәтижесінде қылмыстық құқықтық, материалдық нормалардың өзгеруіне де байланысты, отандық қылмыстық сот өндірісі де өзгерістерге ұшырады. Қылмыстық іс жүргізушілік нысанның модернизациясы нәтижесінде оның дифференциациясына қол жеткіздік.

Қылмыстық сот өндірісін жетілдіру, сот әділдігінің тиімділігін арттыру жолдарын іздеу, іс жүргізушілік үнемдеуді арттыру қылмыстық іс жүргізушілік ғылымның маңызды міндеттерінің қатарында.

Осы мақсатта қылмыстық іс жүргізу тәжірибесіне іс жүргізушілік нысанның әр қилы үлгілері құрылып тәжірибеге енгізілуде. Іс жүргізушілік нысандар қылмыстың ауырлығына, қоғамға қауіптілігіне байланысты қолданылуы мүмкін.

1997 жылдың 13 желтоқсанындағы ҚР қылмыстық іс жүргізу кодексінің 363 бабына сай, отандық қылмыстық сот өндірісі саласында қысқартылған тәртіптегі сот өндірісі орын алды.

Қысқартылған соттық өндіріс деп жекелеген қылмыстық істер бойынша объективті түрде жеңілдетуді, қысқартуды талап ететін өндірісті атайды. Осы аяда жеңілдету, қысқартудың мәні

қылмыстық істі тез, тиімді, рационалды жолмен шешілуі деп білеміз де, жалпы соттық өндіріс тәртібінен кейбір іс әрекеттерді алып тастау не болмаса қысқарту арқылы жүзеге асырамыз.

Аталған түсініктемені талдай отыра, қылмыстық сот өндірісінде қысқартылған тәртіптегі өндірістің болуы соттық өндірістің іс жүргізушілік нысанының дифференциациясының көрінісі деп білеміз. Соттық өндірістің қысқартылған нысандарының мәні жайлы теориялық ілімдердің арасындағы көрнектісінің және неғұрлым кең таралғандарының бірі, ол Ю.К.Якимович пен Т.В.Трубникованың теориясы.

Олардың ілімінің мазмұнына сай, қылмыстық сот өндірісіндегі қысқартылған тәртіптегі іс жүргізу нысанын бөліп жекелеу үшін, тек оларға ғана емес, жалпы қылмыстық сот өндірісі нысандарына тән сипаттар мен қасиеттерді бөліп алу қажет. Қылмыстық сот өндірісінің жалпы нысанына тән сипаттардың болмағанында, ерекше, жекелеген іс жүргізушілік нысанның бар екендігі жайлы еш бір тұжырым жасай алмаймыз [10,9-14]. Сан алуан соттық өндіріс түрлерін жүзеге асырылу негізі бойынша бірнеше топтарға бөлу қарастырылған. Алайда оларды бөлу негіздері мен олардың мәні мен саны жайлы мәселе әлі күнге дейін пікірталас тудырып біркелкілік сипатқа ие емес [11,241].

Әлемдік стандарттар анықтаған бағытты беттеп, отандық заң шығарушы 2015 жылы күшіне енген жаңа қылмыстық іс жүргізу заңнамасында белгілі жағдайлар жүйесінің болуын ескере отырып адамның өз кінәсін мойындап келуін қысқартылған сот өндірісінің негізі деп белгілеумен шектелмей, қылмыстық заңнамада қылмыстық жауаптылықты тағайындау мәселелері бойынша көптеген өзгерістер енгізді.

Аталған нормалар қысқартылған тәртіппен істі қарау институтының мазмұнын құрайды.

Қазақстан мен англосаксондық қылмыстық іс жүргізушілік нысан шеңберінде қолданылатын қысқартылған тәртіптегі сот өндірісі сонымен ортақ сипаттарға ие деп тұжырымдай аламыз.

Жаңа ҚР ҚПК арнайы іс жүргізушілік үнемдеу қағидасына негізделген іс жүргізушілік нысандармен толықты, атап айтсақ ол, іс бойынша қысқартылған өндірістер, жеделдетілген сотқа дейінгі өндіріс, процесстік келісім және т.б.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде ендігі тұжырымдарға қол жеткіздік:

1. Заманауи ҚР қылмыстық сот өндірісі өзінің мақсаттарына жету және өз міндеттерін орындау үшін бекітілген қағидалар жүйесімен қамтылған және сот ісін тиімді өтуіне бағытталған ұйымдасқан жүйе.

2. Кез келген құқықтық үрдіс мақсатына жету жолында мейлінше тиімді және тез жолды таңдауға ұмтылады. Аталған ұмтылысты қылмыстық сот өндірісі саласында нақты көре аламыз.

3. Қылмыстық іс жүргізушілік үнемдеу қағидасы – ҚР қылмыстық іс жүргізушінің өзіндік ерекшелігі бар толыққанды қағидасы. Оның ерекшелігі ендігі жағдаймен байланысты: іс жүргізушілік үнемдеу қағидасы бір уақытта тең дәрежеде қылмыстық іс жүргізу құқығының және қылмыстық іс жүргізушілік қызметтің қағидасы болып табылады; қылмыстық сот өндірісінің ақпараттық танымдық сипатына сай оның іс жүргізушілік мәнін анықтайтын қылмыстық іс жүргізушінің басты идеяларының бірі болып табылады.

4. Қылмыстық іс жүргізушілік үнемдеу қағидасының мәні қылмыстық сот өндірісінің жеңілдету, жеделдету және арзандатуымен ғана шектелмеуі тиіс. Қылмыстық сот өндірісінің жеңіл, жедел және арзан болуының басын біріктіретін іс жүргізушілік үнемдеу қағидасы қылмыстық іс жүргізудің басты идеясына бағынатын мақсат деп түсінілуі тиіс.

5. Қылмыстық іс жүргізу тәжірибесінде іс жүргізушілік үнемдеу қағидасының тиімді жүзеге асуы өндіріс барысында кешенді түрде іс жүргізушілік, жедел іздестіру, ойымдастырушылық басқару құралдарды қолдануды қарастырады.

6. Қазақстан Республикасының заманауи қылмыстық іс жүргізушілік заңнамасы іс жүргізушілік үнемдеу қағидасы талаптарына сай дамуын табуда. Оның дәлелі ретінде жаңа 2014 жылдың 4 шілдесінде қабылданған ҚР ҚПК 192, 203, 348, 615, 628 баптарында «қисынды мерзім» категориясының қолданылуын келтірілуіне сілтеме жасай аламыз.

7. Іс жүргізушілік үнемдеуге бағытталу процессуалдық құқықтың әрқайсысына да тән. Қылмыстық сот өндірісі саласындағы іс жүргізушілік үнемдеу – Қазақстан Республикасының қылмыстық сот өндірісінің толыққанды және ерекше қағидасы. Осы қағиданың ерекшелігі ендігі жағдайларға негізделген: 1) іс жүргізушілік үнемдеу қағидасы ол құқық саласы ретіндегі қылмыстық іс жүргізу құқығының қағидасы, сондай ақ, ол ерекше қылмыстық іс жүргізушілік қызметтің қағидасы; 2) қылмыстық сот өндірісінің ақпараттық танымдық мәніне негізделген қылмыстық іс жүргізудің мәнін ашатын негіз қалаушы, бағыттаушы идея болып табылады.

8. Заманауи отандық қылмыстық сот өндірісінің дамуы іс жүргізушілік үнемдеу қағидасына негізделіп дамуда. Оның бір дәлелі болып, жаңа ҚР ҚПК «қисынды мерзім» категориясының енгізілуі деп білеміз.

9. Іс жүргізушілік үнемдеу қағидасына қатысты негізгі бірнеше көзқарастар тобы бар: біріншілері аталған қағидаға жол бермесе, екіншісі қолдайды да, үшіншілері іс жүргізушілік үнемдеу қағидасына жай ғана қағида емес, ерекше қасиеттерге және маңызға ие қағида мәртебесін береді.

Қылмыстық іс жүргізушілік құқықта қағидалардың нормативті түрде бекітілген және бекітілместен әрекет ету пікірін қолдап, қағидалардың бекітілу және іс жүзінде жүзеге асу мүмкіндігін қолдаймыз.

10. Іс жүргізушілік үнемдеу қағидасы ерекше технологиялық қағида болып табылады, яғни ол қылмыстық іс жүргізушілік идеясының болуы, ол тарихи және географиялық тұрғыдан барлық қылмыстық іс жүргізушілік типтерге тән болады, екіншіден, саяси жүйенің өзгеруіне қарамастан, ондай қағидалар әрекет етуін тоқтатпайды, себебі кез келген саяси жүйе сот өндірісін мейлінше аз ресурс жұмсап өткізгенін қалап, қорын үнемдегенді ұнатады және үшіншіден, қылмыстық сот өндірісінің мақсаттары мен оған жету жолдары арасындағы өзара диалектикалық байланысқа жағдай жасайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Томин В. Т. О понятии принципов советского уголовного процесса. - М., 1965.-193 б.
2. Ференс-Сороцкий А.А. Процессуальный формализм или процессуальная экономия? // Правоведение. - 1991. - № 4. – 31 б.
3. Томин В. Т. Принципы отечественного уголовного процесса как отрасли государственной деятельности: понятие, значение и система; доктринальные подходы и законодательство. - Н.Новгород, 2007. - 64 б.
4. Оспанов С.Д. Концептуальная детерминированность реализации принципа процессуальной экономии в уголовном судопроизводстве // Предупреждение преступности. - 2002. - № 1 (3). – 18 б.
5. Колоколов Н.А. Оперативный судебный контроль в уголовном процессе. - М., 2008. - 265 б.
6. Харламов А.В. Правоведение: глоссарий // Электронды ресурс: кол жеткізу орны: <http://determiner.ru/dictionary/631/>
7. Абозина Т.Н. Соотношение предварительного и судебного следствия в уголовном процессе Российской Федерации: современное состояние и перспективы развития. - Владимир, 2008. -146 б.
8. Смирнов А.В. Модели уголовного процесса. - СПб., 2000. - С. 125-127.
9. Сенякин И.Н. Специализация и унификация российского законодательства как основные тенденции его развития. –М., 1997. - 386 б.
10. Якимович Ю.К. Дифференциация уголовного процесса. -Томск, 2001.
11. Свиридов М.К. О сущностях и основаниях дифференциации уголовного процесса. - Томск, 1987. - 242 б.